

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Бегеева А.Ж.

Использование технических средств в обучении иностранному языку. Развитие навыков слушания и слышания при выполнении упражнений с применением технических средств обучения.
Use the technical facilities in education foreign language. Development skill listening and hearing at doing of the exercises with using the technical facilities of the education.

Сөйлеуге тыңдап түсінусіз үйрену мүмкін емес. Шетел тілін меңгеруде тыңдап түсіну қабілетін дамытудың алар орны ерекше.

Ауызша сөзді түсіну - адамның естіген сөздердің мағынасына талдау жасап, аяқталған ойды білдіруіне, ойша жинақтау қабілетіне байланысты болады.

Тыңдап түсінудің негізіне топтарына мыналар жатады:

а) тыңдап түсіну дағдылары (мәтіннің грамматикалық және морфологиялық формаларын тани білу)

ә) сөздерді және сөз тіркестерін түсіне білу қабілеті:[1]

б) дыбыстарды, дауыс интонациясын ажырата білу.

Тыңдау процесі есту қабілеті механизмімен тығыз байланысты. Естіу тыңдау қабілетін техникалық құралдар көмегімен жаттығулар жасау арқылы дамытуға болады. Логикалық түсіну механизмі талдау процесінде күрделі болып саналады.

Ауызша сөзді түсіну үшін бір материалды бірнеше рет тыңдаудың қажеті жоқ. Сөзді толық түсіну бірден және толықтай бір рет айтқанда қабылданады. Қазіргі кезде шетел тілін меңгеруде (есту, тыңдау, оқу арқылы) оқу фильмдерін көру, ұнтаспалар тыңдау және т.б. мүмкіншіліктері өте көп. Шетел мамандарының сөйлеуімен жазылған ұнтаспалар, видео-фильмдер көптеп саналады. Бірақ ұнтаспа жазбасын тыңдау мен бетпе-бет ауызша сөйлесудің айырмашылығы бар. Сөйлеушімен ауызба-ауыз сөйлесудің мүмкіндігі жоқтығы, ұнтаспа арқылы тыңдау барысында біршама қиыншылықтар туғызады. Сондықтан тыңдау қабілетін ұнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы аудио-жаттығулар мен аудио-мәтіндер қажет. Осы орайда мәтінді тыңдау, оқып отырған кісінің сөзін тыңдай отырып мәтінді оқып отырудың мәні зор. Тыңдауға үйренуді сөйлеушімен бетпе-бет отырып тыңдаудың бастаған жөн. Аудиториялық сабақтарда оқытушының сөйлеуі, видефильмді көрсете отырып, студенттің оқуы студент үшін үлкен өнеге, үлгі болды. Бастапқы кезде сөйлеуден тыңдау пайызынаң жоғары болуы мүмкін . Сабақ кезінде кейде естіген материалды қайталаумен шектелеміз, ал оны түсіну қабілетіне көбінесе мән бере қоймаймыз.

Шетел тілін тыңдап түсінудің өзіне тән қиыншылықтары бар. Жаңа материалды тез ұғындыруға тырысып, тілдік материалдарды көп беру қабылдауды қиындатады, сонымен бірге дағдыны қалыптастыруға кері әсер етеді. Осының әсерінен студент тез тыңдап, түсініп, жауап дайындау үшін ойланып отырады. Бұндай тыңдау қортындысы –тыңдаушының сөзінде қатенің көп болуына әкеледі. [1]

Ауызша сөйлеуге үйрету – шетел тілін оқытудың ең қиын аспектісі болып саналатын болғандықтан, ең негізгі мақсаты - естігенін түсіне білуге үйрету. Түсінуді тексерудің ең басты бөліктерін біріншіден –сурет арқылы, екіншіден-

жазбаша жауап беру арқылы жүргізуге болады. Бұл жұмыс түрлері ауызша жауапқа жатпайды. Шетел тілін үйрену үшін мұндай жұмыс түрлері тыңдап түсінуге қарағанда үлкен роль атқармайды.

Сурет арқылы үйрету кезінде қажетті суретті таңдау – алдымен айтылған фразаға, диалогқа, мәтінге, әңгімеге, одан соң тыңдалған материал мен суреттегі айырмашылықты табуға байланысты болады.

Шетел тілін аудармасыз түсінудің тағы бір жолы ұнтапа арқылы әртүрлі бұрықтар беріп, орындату. Оқытушы дұрыс немесе бұрыс екенін қадағалайды. Бұйрықтарды тек бұрық рай түрінде берумен қатар әртүрлі нұсқаулар түрінде де беруге болады. Мыс: When Erlan opens the window, Aigerym will write the date on the blackboard. Мұндай бұрықтар тыңдаушылардың қызығушылығын тудырады және сөздерді, шетел тілінің грамматикалық формаларын есте сақтауға көмектеседі. Әр түрлі бұйрықтарды орындау грамматикалық материалды түсіндірумен басталады. Ұнтаспаға жазылған жаттығулар студенттердің ағылшын сөзін түсінуіне көп әсер етеді. Бұл ойын түрі сияқты студенттердің ынтасын арттырады. Алғашқыда тыңдаушы аудио материалды тыңдағанда түсінбегенімен қатар ештеңе «естімегендей күйде» болады. Сондықтан шетел тілінің негізгі этапы- дыбыстарды ажырата білу.

Дыбыстарды ажыратуға арналған жаттығулар:

1. Сөздерді тыңдап, [əe] дыбысы бар сөздің нөмерін атаңыз: bed, bad, nut, not, mat, cat.

2. Сөздерді тыңдап, ұзақ [i:] және [i] дыбыстары бар сөздердің нөмерін атаңыз:

Фонетикалық және грамматикалық құрылымдарды тыңдау арқылы салыстыра және ажырата білуге арналған тапсырмалардың мұндай түрлерін бірте-бірте күрделендіруге болады. (Тапсырмалар ағылшын тілінде беріледі).

1. Listen to the sentence pronounced with different intonation. Give the number of sentence which is said. A) without great interest, b) lively interested,

c)urgently,(настоячивый) d)lively (very interested).Here is the sentence: “What is the time” (Диктор бұл сөйлемді 4 рет қайталайды)

Диалогты, әңгімелерді, мәтіндерді тыңдау шетел тілін түсініп үйрене білудің ең қажетті бөлігі болып табылады. Тыңдауға арналған мәтіндер оқылған тілдік материалдар негізінде құрылады. Оның ішінде 3-4% таныс емес лексикалық материалдар қосуға болады. Алғашқы рет тыңдауға арналған мәтінге жіберілген уақыт 1-1,5 минут көлемінде болуы тиіс.

Студенттердің шетел тілін игеруге деген қызығушылығын тудыру үшін ән саздарын пайдаланудың да пайдасы орасан зор, бұндайды (Lesson through the song) деп атайды. Үн таспадағы ән арқылы студенттерді таныс емес сөздерді жаттауға бағыттайды, тыңдау және сөйлеу дағдыларын жетілдіре түседі. Студенттердің сабаққа деген қызығушылығын тудыра түседі. Сабақ барысында көптеген жаттығулар түрін орындауға болады.

1)әнді 3 рет тыңдап (тыңдау, есту дағдыларын жетілдіру)

2) жіберілген сөздерді анықтау керек(өтіліп жатқан грамматикаға тиісті болуы мүмкін мыс: сын есім, зат есім т.б.) [1]

3)келесі этап сол таныс емес сөздерді сөздіктен анықтау яғни Lingvo 11 жұмыс жасау, әр студенттің компьютеріне Lingvo 11сөздігі орнатылған.

4) әр түрлі жұмыс түрлері болуы мүмкін мыс: сөйлем құрастыру, ситуация жасау немесе диалог құрастыру болып табылады. Тағы бір айтарлық жай кітапханаға

бастауыштарға және жалғастырушы топтарға арналған 100% пайыздық ағылшын практикалық кітабы мен аудио дискілері келді. Кітаптың ішінде 40 сабақтың диалогтары мен кең көлемде қолданылатын сөз тіркестерін және сөздік тіректерді кездестіруге болады. Грамматика мен фонетикаға анықтамалар жазылып, жаттығулар, бақылау және өзін өзі тексеру бөлімдері көрсетілген.

Шетел тілін тыңдап түсіне білуге үйрену үшін тек ұнтаспа ғана емес, сонымен бірге видеофильм және диофильмдердің көмегіне сүйенуге болады. Шетел тілін тыңдап түсіну қабілеттері дамып жетілгеннен кейін, радиобағдарламаларды тыңдауға немесе көркем немесе деректі фильмдерді көрсету арқылы студенттердің білімдерін нығайтуға болады. [2]

Шетел тілін игеруде техникалық құралдардың пайдасы бар ма? әлде жоқ па? деген сұрақ көбімізді ойландырады. Әрине өзге тілді игеруде техникалық құралдардың пайдасы өте орасан зор, бірақ сол құралдарды дұрыс пайдалана білу керек. Техникалық құралдарды пайдаланудың кемшіліктеріне тоқталатын болсақ өзімнің тәжірибемде мен инженерлік институттың топтарына сабақ беремін өткен жылдан бері бізде 3-7 аудиториасында тілдік зертхана орнатылған. Оның ішінде 13 компьютер және 13 наушниктері бар, сонымен қатар электрондық тақтаның орнына проектор орнатылған осы техникалық құралдардың бәрі дер кезінде толық жұмыс жасайды деп айта алмаймын өйткені осы зертханаға арнай мамандырылған програмист бекітілген емес, сондықтан әр түрлі жағдайларға байланысты техникалық құралдар істен шығып қалып, студентте де оқытушы да, жоспарға сай уақытымыздан ұтыламыз. Сонымен қатар анти вирусный программа қондырылмаған бұл да тех. құралдардың да бұзылуына әкеліп соғады. Міне осындай қиыншылықтарды кездестіруге болады. Интернет желісі де орнатылмаған. Қорыта келе осы кемшіліктерге қарамастан шет тілін оқытуда техникалық құралдарды қолдану студенттердің сөйлеу, естіу дағдыларын жетілдіруге ықпалын тигізе отырып, студенттердің сөздік қорының байы түсуіне көмегін тигізеді. [3]

Әдебиеттер:

1. Республиканский методика- педагогический журнал «Мектептегі шет тілі» № 3 2007. 21, 22, 23, 25 беттер.
2. Я.М.Колкер. Е.С.Устинова. Т.М.Еналиева. Практическая методика обучения иностранному языку. - Москва, 2000г. 203, 204 беттер.
3. Республиканский методика-педагогический журнал «Мектептегі шет тілі» №2, 2007. 31, 32 бет